|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|--------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          | <p><b>Көркем әдебиет әрекеті:</b><br/>А. Байтұрсынұлының «Жазғытұры» өлеңін тыңдайды, табиғатты елестетіп айтады.</p> <p><b>Қазақ тілі әрекеті:</b><br/>Табиғатқа байланысты сөздермен сөйлем құрастырады («Күн шықты», «Жаңбыр жауып тұр»).</p> <p><b>Математика негіздері әрекеті:</b><br/>Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, түстері бойынша топтайды.</p> <p><b>Сурет салу әрекеті:</b><br/>«Кемпіркосақ» – түрлі түсті бояумен доға түрінде бояу.</p> <p><b>Жапсыру әрекеті:</b><br/>«Жаңбыр тамшылары» аппликациясы – көк дөңгелектерді жапсыру.</p> | <p><b>Көркем әдебиет әрекеті:</b><br/>М. Әлімбаевтың «Түстер сөйлейді» өлеңін тыңдайды. Әр түске сәйкес заттарды атайды.</p> <p><b>Қазақ тілі әрекеті:</b><br/>Түстерге қатысты сөз тіркестерімен сөйлем құрайды: «қызыл алма», «жасыл жапырақ».</p> <p><b>Математика негіздері әрекеті:</b><br/>Заттарды түстері бойынша топтау және санау.</p> <p><b>Сурет салу әрекеті:</b><br/>«Түстер әлемі» – еркін бояумен сурет салу.</p> <p><b>Жапсыру әрекеті:</b><br/>Қағаздан қиылған түрлі түсті фигуралардан әдемі өрнек жапсыру</p> | <p>тыңдап, мәнерлеп қайталау.</p> <p><b>Қазақ тілі әрекеті:</b><br/>Жаңа сөздермен сөйлем құрау: «Ай түнде шығады», «Жұлдыздар жымыңдайды».</p> <p><b>Математика негіздері әрекеті:</b><br/>Дөңгелектерді санау (планеталар ретінде), үлкен–кіші ұғымын бекіту.</p> <p><b>Сурет салу әрекеті:</b><br/>«Ғарышқа саяхат» – қара фонға түрлі түсті бояумен планеталар бейнелеу.</p> <p><b>Жапсыру әрекеті:</b><br/>«Жұлдызды аспан» аппликациясы.</p> | <p><b>Көркем әдебиет әрекеті:</b><br/>Ертегі «Сиқырлы таяқша» тыңдайды, кейіпкерлердің әрекетін сахналайды.</p> <p><b>Қазақ тілі әрекеті:</b><br/>Етістіктерді қолдану: ұшады, сөйлейді, жылжиды, өзгереді.</p> <p><b>Математика негіздері әрекеті:</b><br/>Пішіндер мен түстер бойынша заттарды топтау.</p> <p><b>Сурет салу әрекеті:</b><br/>«Сиқырлы таяқша» – түрлі түсті сызықтармен әдемі өрнек салу.</p> <p><b>Жапсыру әрекеті:</b><br/>«Сиқырлы әшекей» аппликациясы.</p> | <p>«Бауырсақ» ертегісін тыңдау және сахналау.</p> <p><b>Қазақ тілі әрекеті:</b><br/>Етістіктер мен сын есімдерді қолдану: «Жақсы қасқыр емес», «Бауырсақ домалайды».</p> <p><b>Математика негіздері әрекеті:</b><br/>Ертегі кейіпкерлерін санау, ретімен орналастыру.</p> <p><b>Сурет салу әрекеті:</b><br/>«Ертегі кейіпкерлері» суретін салу.</p> <p><b>Жапсыру әрекеті:</b><br/>Ертегі көрінісін бейнелейтін аппликация жасау</p> |
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b></p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>Серуен</b>            | <p><b>№6 Дербес әрекет:</b><br/>Сырғанаудан із қалдыру. Түрлі жүру түрлерін байқап көру: сырғанау, жай жүру, тез жүру.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | <p><b>№7-күн Дербес әрекет:</b><br/>Аққала құрастыру. Бас–дене–аяқ бөліктерін сәйкестендіру.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | <p><b>№8 Дербес әрекет:</b><br/>Қарға жануар іздерін салу: қоян, түлкі, қасқыр.</p> <p><b>Бақылау:</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | <p><b>№9 Дербес әрекет:</b><br/>Қалыптармен қардан күрделі пішіндер жасау.</p> <p><b>Бақылау:</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | <p><b>№10 Дербес әрекет:</b><br/>Қардан үлкен лабиринт салу.</p> <p><b>Бақылау:</b><br/>Аспан түсінің өзгерісін бақылау.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |

|                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                   |                                                                                                  |
|---------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                   | <p><b>Бақылау:</b><br/>Мұздың қалай қататынын тәжірибе арқылы бақылау.</p> <p><b>Еңбекке баулу:</b><br/>Мұзды жерлерге құм себу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/>«Мұз үстімен жүріп көр»</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | <p><b>Бақылау:</b><br/>Қыста кездесетін құстарды бақылау (торғай, суықторғай).</p> <p><b>Еңбекке баулу:</b><br/>Жем салғышқа дән салу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/>«Құстар мен қыран».</p> | <p>Жануарлардың нақты іздерін суреттермен салыстыру.</p> <p><b>Еңбекке баулу:</b><br/>Қарды бір жерге жинап, тегістеу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/>«Ізді тап».</p> | <p>Желдің қарды қалай қозғалтуын бақылау.</p> <p><b>Еңбекке баулу:</b><br/>Жолды қардан тазарту.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/>«Жел соқты».</p> | <p><b>Еңбекке баулу:</b><br/>Жолдарды кеңейту.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b><br/>«Тез жинал!».</p> |
| <b>Серуеннен оралу</b>                            | <p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (<b>дербес қимыл әрекеті</b>).</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                   |                                                                                                  |
| <b>Түскі ас</b>                                   | <p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»</p> <p>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> <p>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.</p> <p>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.</p> <p>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.</p> <p>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру</b></p> |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                   |                                                                                                  |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                              | <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (<b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (<b>Музыка</b>)</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                   |                                                                                                  |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b> | <p><b>Біртіндеп ояту:</b> Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.<b>Сауықтыру жаттығулары:</b> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). <b>Өзіне-өзі қызмет ету:</b> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                   |                                                                                                  |
| <b>Бесін ас</b>                                   | <p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                   |                                                                                                  |

|                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|-------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b> | <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:</b><br/>Ауа райы, табиғат құбылыстары туралы әңгімелейді.<br/>Қарапайым тәжірибе: суды буландырып, бу қалай пайда болатынын көреді.<br/><b>Мүсіндеу әрекеті:</b><br/>«Күн мен бұлт» – сары және ақ пластилиннен бейнелеу.<br/><b>Құрастыру әрекеті:</b><br/>Легодан «Үй мен ағаш» құрастырады, табиғи көрініс жасайды.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                              | <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:</b><br/>Түстердің табиғаттағы көрінісімен танысу (гүл, жапырақ, аспан, су)<br/><b>Мүсіндеу әрекеті:</b><br/>Түсті пластилиндермен «Таңғажайып гүл» жасау.<br/><b>Құрастыру әрекеті:</b><br/>Түстерге байланысты «Көпірше» немесе «Түсті үйшік» құрастыру.</p> | <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:</b><br/>Күн жүйесі туралы әңгіме, планеталардың суреттерін қарау.<br/><b>Мүсіндеу әрекеті:</b><br/>Пластилиннен «Зымыран» жасау.<br/><b>Құрастыру әрекеті:</b><br/>Конструктордан «Ғарыш кемесі» құрастыру.</p> | <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:</b><br/>Заттардың қасиеттерін (жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл) зерттеу, тәжірибе жасау.<br/><b>Мүсіндеу әрекеті:</b><br/>«Сиқырлы зат» – ойдан құрастырылған бұйымды мүсіндеу.<br/><b>Құрастыру әрекеті:</b><br/>Легодан «Сиқырлы сарай» жасау.</p> | <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:</b><br/>Жақсылық пен жамандық туралы түсініктерді бекіту<br/><b>Мүсіндеу әрекеті:</b><br/>Ертегі кейіпкерлерін (қоян, түлкі, қасқыр) мүсіндеу.<br/><b>Құрастыру әрекеті:</b><br/>Легодан «Ертегі елі» немесе «Бауырсақтың жолы» көрінісін жасау.</p> |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b>        | <p>Тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | <p>Сөйлеу қарқынын өзгерте білуге үйрету: баяу сөйлеу.<br/>-суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беруге үйрету</p>                                                                                                                                                              | <p>Сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру.</p>                                                                                                                          | <p>Екі тең немесе тең емес заттар тобын салыстыра білу, бір топтағы заттарды екінші топтағы заттарға беттестіру және тұстастыру тәсілдерін пайдалануды үйрету.</p>                                                                                                                        | <p>Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру.</p>                                                                                                                                                                                          |
| <b>Кешкі ас</b>                     | <p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>Серуенге дайындық</b>            | <p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br/>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b><br/>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p>                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                |

|                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                      |
|----------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                  | <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                      |
| <b>Серуен</b>                    | №6«Қасқырдан қаш»<br><b>Міндеті:</b> Қашу, бағыт сезімін жетілдіру.<br><b>Шарты:</b> Бір бала — қасқыр. Қалғандары белгі берілгенде ағаштардың артына немесе шеңберге тығылады.                                                                                                                                                                                                                                                                                       | №7«Шанамен жарыс»<br><b>Міндеті:</b> Күш пен төзімділікті арттыру.<br><b>Шарты:</b> Балалар жұппен бірігіп, біреуі шананы тартып, екіншісі отырады. Белгіленген жерге дейін жарысады. | №8«Аңдар ізінен»<br><b>Міндеті:</b> Бақылағыштық, есте сақтау қабілетін дамыту.<br><b>Шарты:</b> Қар үстіне аңдардың ізі бейнеленеді. Балалар ізге қарап, қай аң екенін табады. | №9«Қарлы өткел»<br><b>Міндеті:</b> Тепе-теңдік сақтау.<br><b>Шарты:</b> Арқанмен немесе сызықпен салынған жол бойымен жүріп өту.                                     | №10«Қарды кім тез домалатады?»<br><b>Міндеті:</b> Ептілік пен бірлесе әрекет ету.<br><b>Шарты:</b> Балалар топпен бірігіп «қар добын» домалатып, үйіндіге жеткізеді. |
| <b>Серуеннен оралу</b>           | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                      |
| <b>Балалардың дербес әрекеті</b> | Табиғат бұрышындағы еңбек. Тәрбиешіге гүлдерді суаруға көмектеседі. табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын ояту.<br><b>Қоршаған әлеммен таныстыру, экологиялық мәдениет</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                   | «Шар және цилиндр». Геометриялық денелерді танып, атап үйренеді.<br>«Қандай пішін жетіспейді?»<br><b>Математика негіздері</b>                                                         | Әңгіме: «Менің тобым»<br>«Жаман-жақсы» сөздерді салыстыру арқылы әңгіме құра алады.<br><b>Коммуникативтік дағды</b>                                                             | Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу.<br>«Жылдың қай мезгілі екенін тап».<br>жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін айтады.<br><b>экологиялық тәрбие</b> | Асықты белгілі бір биіктіктен лақтырып, оның тік тұрған күйінде түсуін мақсат етеді. Егер асық "омпы" түссе, ойыншы ұтысқа ие болады.<br><b>Біртұтас тәрбие</b>      |
| <b>Балалардың үйге қайтуы</b>    | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)<br><b>Өнегелі 15 минут</b> |                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                      |

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** «Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК

**Топ:** «Құлыншақ» ересек топ

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 08.12 -12.12.2025ж

**Тәрбиеші:** Г.А.Жуманова

**Желтоқсан** тәуелсіздік және отаншылдық айы

| Күн тәртібі                                                                                                              | Дүйсенбі<br>08.12.2025 ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Сейсенбі<br>09.12.2025 ж                                                                     | Сәрсенбі<br>10.12.2025ж                | Бейсенбі<br>11.12.2025ж                                                    | Жұма<br>12.12.2025ж                                                                                                |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Балаларды қабылдау.</b>                                                                                               | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br><b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b><br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <b>Күй күмбірі</b>                                                             |                                                                                              |                                        |                                                                            |                                                                                                                    |
| <b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>                                            | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br><b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b><br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. |                                                                                              |                                        |                                                                            |                                                                                                                    |
| <b>Балалардың дербес әрекеті ( аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b> | Суретпен әңгіме:<br>«Менің балабақшам»<br>Мақсаты: балалармен балабақша туралы әңгімелесу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Д/о: «Отбасы мүшелерін ата»<br><b>Мақсаты:</b><br>отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. | Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу: «Қыс» | Д/о: «Сол жақта, он жақта<br>Мақсаты:<br>Заттарды салыстыра білуге үйрету. | Д/о: «Менің машинама»<br>Мақсаты: Балаларға машинаны алға, артқа жүргізу арқылы ойынға деген қызығушылығын артыру. |

|                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                     |                                                                                                                                            |                                                                                                                                         |                                                                                                                                         |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Балалардың дербес әрекеті ( аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | Суретпен әңгіме: «Менің балабақшам»<br>Мақсаты:балалармен балабақша туралы әңгімелесу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Д/о: «Отбасы мүшелерін ата»<br><b>Мақсаты:</b> отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.                                           | Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу: «Қыс»                                                                                                     | Д/о: «Сол жақта,он жақта<br>Мақсаты: Заттарды салыстыра білуге үйрету.                                                                  | Д/о: «Менің машинам»<br>Мақсаты:Балаларға машинаны алға,артқа жүргізу арқылы ойынға деген қызығушылығын артыру.                         |
| Ертеңгілік жаттығу                                                                                                | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. <b>Міндеті:</b> Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br><b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b> |                                                                                                                                     |                                                                                                                                            |                                                                                                                                         |                                                                                                                                         |
| Таңғы ас                                                                                                          | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b>              |                                                                                                                                     |                                                                                                                                            |                                                                                                                                         |                                                                                                                                         |
| Ұйымдастырылған іс - әрекетке дайындық                                                                            | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br><b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру.</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                     |                                                                                                                                            |                                                                                                                                         |                                                                                                                                         |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет                                                | <b>Музыка</b><br><b>Музыка тыңдау:</b> «Отан -ортақ үйіміз» әні: Д.Ботабаев.<br><b>Міндеті:</b> Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | <b>Дене тәрбиесі</b><br><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b><br>Қолды алға және артқа кең сермеу, қозғалысты толық амплитудада орындау. | <b>Музыка</b><br><b>Музыка тыңдау:</b> «Отан -ортақ үйіміз» әні: Д.Ботабаев.<br><b>Міндеті:</b> Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима | <b>Дене тәрбиесі</b><br><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b><br>Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып отырып-тұру. Тізені бүгу, алға созу, | <b>Дене тәрбиесі</b><br><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b><br>Жартылай отыруды 6–8 рет орындау. Саусақтарға арналған қарқынды жаттығулар. |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p><b>Ән айту:</b>«Жаңбыр»<br/>Ө.Телғозиев.</p> <p><b>Міндеті:</b>Әуенді таза және сөздерді анық айту.</p> <p><b>Музыкалық – ырғақтық қимылдар:</b> «Түрлі-түсті ленталармен» би.</p> <p><b>Міндеті:</b>Қимылдарды музыкамен сәйкестендіру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> «Домбыра» аспабын тыңдау.</p> <p><b>Міндеті:</b> Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p> <p><b>Билер:</b> «Қаражорға» биін тамашалау.</p> <p><b>Міндеті:</b>Шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту.</p> | <p>Қолды иыққа қойып, шынтақтарды айналдыру, иық белдеуін қыздыру. Қолды алға созып, саусақтарды жылдам және баяу қарқында жұму-ашу. Етпетінен жатып басын, иығын, қолдарын көтеріп 5 секунд ұстап тұру. Қатарынан 5–6 рет жартылай отыру, арқа түзу сақталады.</p> <p><b>Негізгі қимылдар</b> Допты заттардың арасымен дәл бағыттап домалату. Допты бір-біріне төменнен лақтыру</p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Тақырып:</b> «Теңіздер мен мұхиттар»</p> <p><b>Тілдік дамытушы орта</b> Бейнелеу құралдарын, маскаларды және сахналық элементтерді қолдана отырып, теңіз жануарларының әртүрлі</p> | <p>шегінде жоғары, төмен).</p> <p><b>Ән айту:</b>«Жаңбыр»<br/>Ө.Телғозиев.</p> <p><b>Міндеті:</b>Әуенді таза және сөздерді анық айту.</p> <p><b>Музыкалық – ырғақтық қимылдар:</b> «Түрлі-түсті ленталармен» би.</p> <p><b>Міндеті:</b>Қимылдарды музыкамен сәйкестендіру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> «Домбыра» аспабын тыңдау.</p> <p><b>Міндеті:</b> Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p> <p><b>Билер:</b> «Қаражорға» биін тамашалау.</p> <p><b>Міндеті:</b>Шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту.</p> | <p>қайта бұғу және түсіру (әр аяқпен кезекпен).</p> <p><b>Негізгі қимылдар</b> Допты 4–6 метр қашықтыққа дәл лақтыру. Көлденең нысанаға оң және сол қолмен лақтыру.</p> <p><b>Қимылды ойын</b> «Кім дәл тигізеді?» – жеке және жұптық жарыс.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар</b> Қолды сабынмен дұрыс жуу, тырнақ тазалығын сақтау.</p> | <p><b>Негізгі қимылдар</b> Тігінен қойылған нысанаға допты лақтыру. Допты бастан асыра екі қолмен лақтыру және қағып алу.</p> <p><b>Қимылды ойын</b> «Нысанаға тигіз» – дәлдікке арналған ойын.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі</b> Балалардың өз бетімен доппен түрлі қимыл ойлап табуы</p> |
|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |  |  |  |
|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|
|  |  | <p>эмоционалды көңіл-күйін (қуанышты, қорыққан, таң қалған) жеткізуге баулу.</p> <p>Балалар еркін ойын кезінде кейіпкер рөлін таңдап, өзара диалогқа түседі.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b></p> <p>Артикуляциялық және тыныс алу жаттығулары жүйелі орындалады.</p> <p>Қазақ тіліне тән <b>ө, ү, ұ, қ, ғ</b> дыбыстарын жеке, буында және сөз ішінде анық айтуға жаттықтыру (мұхит, үлкен, толқын, қорқыныш).</p> <p><b>Сөздік қор</b></p> <p>Теңіз туралы қысқа ертегі оқылады.</p> <p>Балалар мазмұнын толық қабылдап, кейіпкерлердің көңіл-күйін сөзбен сипаттайды.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылым</b></p> |  |  |  |
|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p><b>Апта дәйек сөзі</b><br/>Балықтың жаны – суда,<br/>мұхиттың жаны – ағыста.<br/>«Теңіз үлкен су айдыны»<br/><b>Коммуникативтік дағды (Тіл дамыту, қазақ тілі)</b><br/><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b><br/>Артикуляциялық жаттығулар: «Толқын», «Балық» (ерін, тіл қимылдары).<br/>Тыныс алу: мұрынмен дем алып, ауызбен баяу шығару.<br/>Дикция: «<i>Терең теңізде толқын толқиды</i>» сөйлемін анық, қалыпты қарқынмен айту.<br/>Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ө, ү, ұ, і) жеке және сөз ішінде анық айту.<br/><b>Сөздік қор:</b><br/>Сын есімдер: үлкен, терең, көк, тұнық.<br/>Етістіктер: ағады, толқиды, жүзеді.<br/>Есімдіктер: мен, ол, біз.<br/>Сөз тіркестері: көк</p> | <p><b>Теңіз жануарлары</b><br/><b>Тіл дамыту әрекеті:</b><br/>Тақырыптық әңгіме: «<b>Теңізде қандай жануарлар өмір сүреді?</b>»<br/>Сөздер: балық, кит, дельфин, сегізаяқ, жүзеді.<br/>Балалар сөйлем құрайды:<br/>«Балық суда жүзіп жүр.»<br/>«Кит үлкен жануар.»<br/>Дыбыстармен жаттығу: «<b>қ</b>», «<b>ғ</b>» дыбыстарын анық айту (қабыршақ, жағалау).<br/><b>Көркем әдебиет әрекеті:</b><br/>Өлең:<br/><i>Балық жүзді суда тез,<br/>Толқындайды көк теңіз.</i><br/>Балалар өлең мазмұнын қимылмен көрсетеді (жүзу қимылы).<br/><b>Қазақ тілі әрекеті:</b><br/>«Теңіз жануарларын ата» тапсырмасы.<br/>Қазақ тіліне тән дыбыстарды (<b>ұ, ү, ө</b>) дұрыс айту.</p> | <p><b>Мұхиттар теңіздерден үлкен</b><br/><b>Тіл дамыту әрекеті:</b><br/>Тақырыптық әңгіме: «<b>Мұхит қандай болады?</b>»<br/>Сөздер: мұхит, өте үлкен, терең, алыс.<br/>Сөйлем құрау:<br/><i>«Мұхит өте үлкен.»</i><br/>Дыбыстармен жаттығу: «<b>ө</b>», «<b>ұ</b>» дыбыстары.<br/>Көркем әдебиет әрекеті:<br/>Ертегі үзіндісі: «<b>Алтын балық</b>»<br/>Балалар кейіпкерлерді атайды.<br/>Қазақ тілі әрекеті:<br/>«Мұхит пен теңізді салыстыр» тапсырмасы.<br/>Үлгі сөйлемдер:<br/>«Мұхит үлкен.»<br/>«Теңіз кіші.»<br/><b>Математика негіздері әрекеті:</b><br/>Ұзын–қысқа ұғымдары.<br/>«Тең–тең емес» салыстыру.<br/><b>Сурет салу әрекеті:</b><br/>Тақырып: «<b>Мұхит толқындары</b>»<br/>Көк, қою көк түстерді қолдану.</p> | <p><b>Теңіздегі ауа райы</b><br/><b>Тіл дамыту әрекеті:</b><br/>Тақырыптық әңгіме: «<b>Теңіздегі ауа райы қандай болады?</b>»<br/>Сөздер: жел, дауыл, толқын, тынық, суық, жылы.<br/>Балалар суретке қарап сөйлем құрайды:<br/>«Теңізде жел соқты.»<br/>«Толқын биік болды.»<br/>Сөз тіркестерімен жұмыс: қатты жел, үлкен толқын, тынық теңіз.<br/>Дыбыстармен жаттығу: «<b>л</b>», «<b>р</b>» дыбыстарын анық айту<br/>(жел, толқын, дауыл).<br/><b>Көркем әдебиет әрекеті:</b><br/>Өлең:<br/><i>Жел соқты да теңізде,<br/>Толқын ойнап келеді.</i><br/>Балалар өлең мазмұнын қимылмен көрсетеді (желдің соғуы, толқынның қозғалысы).<br/>Өлеңді тыңдау, мазмұнын түсіну.</p> | <p><b>Теңізді қорғайық!</b><br/><b>Тіл дамыту әрекеті:</b><br/>Тақырыптық әңгіме: «<b>Теңізді қалай қорғаймыз?</b>»<br/>Сөздер: таза, лас, қоқыс, қорғау, табиғат.<br/>Балалар сөйлем құрайды:<br/>«Теңізді таза ұстаймыз.»<br/>«Қоқыс тастамаймыз.»<br/>Байланыстырып сөйлеу:<br/>«Мен теңізді қорғаймын, себе»<br/><br/><b>Көркем әдебиет әрекеті:</b><br/>Әңгіме: «<b>Таза теңіз</b>» (тәрбиеші оқиды).<br/>Балалар әңгіме мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.<br/>Жақсы және жаман әрекеттерді ажырату.<br/><b>Қазақ тілі әрекеті:</b><br/>«Таза лас» сөздерін салыстырып қолдану.<br/>Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айту.<br/>Үлгі сөйлемдер:</p> |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>теңіз, терең су, үлкен толқын.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b><br/>Сан есімдерді 1–5 дейін ретімен атау.<br/>Жекеше-көпше түрін қолдану: теңіз теңіздер, толқын толқындар.<br/>Үлгі бойынша жай сөйлемдер құрау.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b><br/>Сурет бойынша теңіз туралы шағын әңгіме құрастыру.<br/>Көркем әдебиет әрекеті<br/>Теңіз туралы қысқа әңгіме оқу.<br/>Кітап иллюстрацияларын өз бетінше қарау, мазмұнын әңгімелеу.</p> <p><b>Сурет салу әрекеті:</b> «Теңіз толқындары» (жуан, жіңішке сызықтар).</p> <p><b>Жапсыру әрекеті:</b> Дайын балық пішіндерін қағаз бетіне жапсыру</p> | <p>Үлгі сөйлемдер:<br/>«Мен балықты жақсы көремін.»<br/>«Дельфин суда жүреді.»</p> <p><b>Математика негіздері әрекеті:</b><br/>«Жиын» түсінігі: теңіз жануарларын бір жиынға топтастыру.<br/>«Үлкен–кіші» бойынша салыстыру.<br/>«Қай жануар көп?» сұрағына жауап беру.</p> <p><b>Сурет салу әрекеті:</b><br/><b>Тақырып:</b> «Теңіз жануарлары»<br/>Әр түрлі түстерді пайдаланып балық бейнесін салу</p> <p><b>Жапсыру әрекеті:</b><br/>Тақырып: «Балдырлар»<br/>Жасыл қағазды жырту, жапсыру.</p> | <p><b>Жапсыру әрекеті:</b><br/>Тақырып: «Су»<br/>Қағазды жырту тәсілімен жапсыру</p> | <p><b>Қазақ тілі әрекеті:</b><br/>«Теңіздегі ауа райын сипатта» тапсырмасы.<br/>Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ұ, ү, ө) дұрыс айту.<br/><i>Үлгі сөйлемдер:</i><br/>«Жел соқты.»<br/>«Теңіз толқынды.»<br/>«Ауа райы суық.»</p> <p><b>Математика негіздері әрекеті:</b><br/>«Көп аз» ұғымы: толқындар саны.<br/>«Биік аласа» салыстыру.<br/>Кеңістікте бағдарлау: <i>жоғары толқын төмен толқын.</i></p> <p><b>Сурет салу әрекеті:</b><br/>Тақырып: «Дауылды теңіз»<br/>Қою көк, сұр түстерді қолдану.<br/>Жуан сызықтармен толқын салу.<br/>Жапсыру әрекеті:<br/>Тақырып: «Кеме теңізде»<br/>Кеме пішіндерін қағаз бетіне дұрыс орналастырып жапсыру.</p> | <p><i>«Теңіз таза.»</i><br/><i>«Қоқыс тастауға болмайды.»</i></p> <p><b>Математика негіздері әрекеті:</b><br/>«Жиын»: таза теңіз лас теңіз суреттерін топтастыру.<br/>«Тең тең емес» салыстыру.<br/>Қорытынды санау: <i>«Барлығы қанша балық бар?»</i></p> <p><b>Сурет салу әрекеті:</b><br/>Тақырып: «Менің таза теңізім»<br/>Ашық, жарық түстерді қолдану.</p> <p><b>Жапсыру әрекеті:</b><br/>Тақырып: «Таза теңіз»<br/>Ұжымдық панно: қоқыссыз теңізді бейнелеу.</p> |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|



|                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|---------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Серуенге дайындық</b></p> | <p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b></p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | (ө, ұ, ұ, і, ғ, қ) жеке айтып, кейін сөйлем ішінде қолданады. Тыныс алу жаттығуы жасалады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|  | <p><b>Апталық дәйек сөз:</b><br/> <i>«Анаға құрмет адамдықтың белгісі»</i><br/> <b>«Ана қонақжай үйдің берекесі»</b><br/> <b>Коммуникативтік дағды Тіл дамыту</b><br/> Сөздер мен сөз тіркестерін анық, дұрыс айтуға назар аудару.<br/> «Қонақ келді», «қонақты қарсы алды», «төрге отырғызды» тіркестерін дұрыс дикциямен айту.<br/> Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрі туралы әңгімелеу: қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, ас ұсыну.<br/> Зат есім мен сын есімді байланыстырып айту: <i>мейірімді ана, кең дастархан.</i></p> | <p><b>«Ана дастарханы береке көзі»</b><br/> <b>Коммуникативтік дағды Тіл дамыту</b><br/> Балалардың сөздерді анық, дұрыс айтуына назар аудару.<br/> «Дастархан», «ас», «тағам», «бата», «ас қайыру» сөздерінің мағынасын түсіндіру.<br/> Қазақ халқының дастархан мәдениеті туралы әңгімелеу: асты оң қолмен ұсыну, үлкендерге бірінші ас беру, ас ішкен соң алғыс айту.<br/> Зат есім мен сын есімді байланыстырып айту: <i>ақ дастархан, дәмді ас, мол тағам.</i></p> | <p><b>«Анаға құрмет үлкенге ізет»</b><br/> <b>Коммуникативтік дағды Тіл дамыту</b><br/> Балалармен үлкендерді сыйлау, анаға құрмет көрсету туралы әңгіме жүргізу.<br/> «Қамқор ана», «еңбекқор ана», «мейірімді ана» сөз тіркестерін анық дикциямен айту.<br/> Сөйлеу барысында сөздердің дұрыс айтылуына, дыбыстарды жұтпай айтуға көңіл бөлу.<br/> Зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып сөйлем құрастыру.<br/> <b>Байланыстырып сөйлеу</b><br/> «Анаға қалай көмектесемін?»</p> | <p><b>«Ана табиғат жанашыры»</b><br/> <b>Коммуникативтік дағды Тіл дамыту</b><br/> Өсімдіктерге күтім жасау туралы әңгімелеу.<br/> «Суарады», «қопсытады», «гүл өсіреді» сөз тіркестерін анық айту.<br/> Сөздерді дұрыс айтуға, сөйлеу қарқынын сақтауға жаттықтыру.<br/> <b>Байланыстырып сөйлеу</b><br/> Өсімдіктің өсуі үшін не қажет екенін ретімен айтып беру (жер, су, жарық, жылу).<br/> Балалар өз ойларын бір-бірімен байланыстырып жеткізеді.</p> | <p><b>«Анаға сыйлық»</b><br/> <b>Коммуникативтік дағды Тіл дамыту</b><br/> Балалардың анаға деген сүйіспеншілігі мен алғысын сөзбен жеткізуіне мүмкіндік беру.<br/> «Анама рахмет», «Мен анамды жақсы көремін», «Анам мені күтеді» сияқты сөйлемдерді анық дикциямен айту.<br/> Сөйлеу барысында сөздерді дұрыс айтуға, дыбыстарды жұтпай, қалыпты қарқынмен сөйлеуге назар аудару.<br/> Зат есім мен сын есімді байланыстырып сөйлеу: <i>қымбат ана, мейірімді ана, сүйікті ана.</i></p> |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b><br/>«Үйге қонақ келді» сюжетті жағдайы бойынша шағын сахналық көрініс ұйымдастыру</p> <p><b>Көркем әдебиет</b><br/>Қазақ халқының қонақжайлылығы туралы мақал-мәтелдермен танысу. Жаңылтпаш айту: «<i>Қонақ келсе, құт келер</i>».</p> <p>Кітаптағы суреттерді қарап, ана мен қонақ бейнесі бойынша әңгіме құрастыру.</p> <p><b>Қазақ тілі</b><br/>Интонацияны қолданып, қонақты қарсы алу сөздерін мәнерлеп айту: «<i>Қош келдіңіз!</i>», «<i>Төрлетіңіз!</i>».</p> <p>Ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айту.</p> <p>Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізу.</p> <p><b>Математика негіздері</b><br/>Әртүрлі ыдыстардан құралған жиынды қарастыру.</p> | <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b><br/>«Ас ішіп болған соң» ұсынылған сюжетті жағдайы бойынша бата беру, ас қайыру көрінісін сахналау. Балалар рөлдерге бөлініп, өз ойларын толық сөйлемдермен жеткізеді.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b><br/>Бата сөздерін тыңдау, мазмұнын талқылау. Санамақ айту, ыдыс-аяққа қатысты жұмбақтар шешу. Кітаптағы дастархан суреттерін қарап, сурет бойынша әңгіме құрастыру.</p> <p><b>Қазақ тілі</b><br/>Бата сөздерін мазмұнына сай интонациямен мәнерлеп айту. Қазақ тіліне тән ө, ү, ұ, і дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу.</p> <p><b>Математика негіздері</b></p> | <p>ұсынылған сюжетті жағдай бойынша балалар өз ойларын толық сөйлемдермен жеткізеді.</p> <p>Балалар бір-біріне <b>неге? не үшін?</b> деген сұрақтар қояды, жауап береді.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b><br/>Ана туралы өлең оқу, сөз өнерінің тәрбиелік мәнін түсіндіру. Санамақ айту, жаңылтпаштар арқылы сөйлеу анықтылығын жетілдіру. Айтыс өнерімен таныстыру (қысқа сұрақ-жауап түріндегі диалог). Кітаптағы иллюстрацияларды қарап, сурет бойынша шағын әңгіме құрастыру.</p> <p><b>Қазақ тілі</b><br/>Шығарманы жеткізуде дауыс ырғағын, үзілісті, логикалық екпінді қолдану. Ө, ү, ұ, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу</p> | <p><b>Көркем әдебиет</b><br/>Өсімдіктер мен табиғат туралы халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстыру. Өсімдікке қатысты жұмбақтар шешу, санамақ айту. Кітаптағы өсімдік бейнеленген иллюстрацияларды өз бетінше қарап, сол бойынша шағын әңгіме құрастыру.</p> <p><b>Қазақ тілі</b><br/>Тынысты дұрыс алып сөйлеу, дыбыстарды анық айту. Ө, қ, ү, ұ дыбыстарын сөз ішінде дұрыс қолдану.</p> <p><b>Математика негіздері</b><br/>Кеңістікте бағдарлау: алға–артқа, оңға–солға, жоғары–төмен бағыттарда қозғалу. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен белгілеу: <i>менің алдымда гүл, оң жағымда су құятын құты тұр</i>. Өлшемді салыстыру: ұзындау–қысқалау,</p> | <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b><br/>«Анаға сыйлық» ұсынылған сюжетті жағдай бойынша балалар өз ойларын жүйелі түрде баяндайды. Балалар бір-біріне <b>неге анаға сыйлық береміз?, не үшін анаға алғыс айтамыз?</b> деген зерттеу сипатындағы сұрақтар қояды, жауап береді.</p> <p>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беріледі.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b><br/>Ана туралы өлеңдерді мәнерлеп оқу, дауыс ырғағын, логикалық екпінді қолдану. Апта бойы үйренген мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, санамақтарды қайталау. Халық ауыз әдебиеті арқылы үлкенді сыйлау, анаға құрмет көрсету құндылықтарын</p> |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Заттарды жұппен қойып, тең немесе тең еместігін анықтау. «Нешінші?» сұрағына жауап беру (дастарханға қойылған орындар).</p> <p><b>Шығармашылық дағды</b></p> <p><b>Сурет салу</b><br/>Ана мен қонақ бейнеленген сюжеттік композиция салу, заттардың арақатынасын сақтау.</p> <p><b>Жапсыру</b><br/>Геометриялық пішіндерден дастархан оюын жолаққа бірізділікпен жапсыру.</p> | <p>5 көлемінде тура және кері санау. «Нешінші?», «Барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беру.</p> <p>Заттарды жұппен қою арқылы тең және тең емес жиындарды анықтау.</p> <p><b>Шығармашылық дағды</b></p> <p><b>Сурет салу</b><br/>дастархан басындағы отбасының сюжеттік композициясын салу</p> <p><b>. Жапсыру</b><br/>геометриялық пішіндерден дастархан оюын бірізділікпен жапсыру.</p> | <p><b>Математика негіздері</b><br/>Заттарды өсу және кему ретімен орналастыру. Ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау ұғымдарын сөйлеуде қолдану.</p> <p>Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен айту: <i>менің алдымда..., оң жағымда....</i></p> <p><b>Шығармашылық дағды</b></p> <p><b>Сурет салу</b> анаға көмектесу көрінісін сюжеттік композицияда бейнелеу, заттардың арақатынасын сақтау.</p> <p><b>Жапсыру</b> гүлдер мен жапырақтардан композиция жасау, бірізділікті сақтау.</p> | <p>кеңдеу–тарлау ұғымдарын қолдану.</p> <p><b>Шығармашылық дағды</b></p> <p><b>Сурет салу</b><br/>«Гүл өсіріп жүрген ана» тақырыбында сюжеттік композиция салу.</p> <p>Суретте өсімдіктің бөліктерін (сабақ, жапырақ, гүл) және олардың бір-бірімен арақатынасын көрсету, композицияны сақтау.</p> <p><b>Жапсыру</b><br/>Өсімдік элементтері мен геометриялық пішіндерден жолаққа бірізділік сақтай отырып ою-өрнек жапсыру.</p> <p>Жұмысты ұқыпты орындау, қауіпсіздік ережелерін сақтау</p> | <p>бекіту.</p> <p>Кітаптағы ана бейнесі салынған иллюстрацияларды өз бетінше қарап, сол сурет бойынша шағын әңгіме құрастыру.</p> <p><b>Қазақ тілі</b><br/>Сөйлеу барысында интонацияны өз бетінше қолдану, тыңдаушының назарын аудару.</p> <p>Қазақ тіліне тән <b>ө, қ, ү, ұ, і, ғ</b> дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын толық, мазмұнды сөйлемдермен жеткізуге дағдыландыру.</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Уақытты бағдарлау: <i>бүгін кеше ертең</i> ұғымдарын қолдану.</p> <p>Реттік сан есімдерді атау: <i>бірінші сыйлық, екінші сыйлық.</i></p> <p>Заттарды жұппен салыстырып, тең немесе тең еместігін анықтау.</p> <p>«Барлығы қанша?» сұрағына жауап беру</p> |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|--------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |  |  |  | <p>арқылы қорытынды санды айту.</p> <p><b>Шығармашылық дағды</b></p> <p><b>Сурет салу</b><br/>«Анама сыйлық» тақырыбында сюжеттік композиция салу.</p> <p>Суретте ана мен баланың өзара қарым-қатынасын, заттардың бір-біріне арақатынасын көрсету, бейненің композициясын сақтау.</p> <p><b>Жапсыру</b><br/>Геометриялық пішіндер мен өсімдік элементтерінен «Анаға сыйлық» композициясын жасау.</p> <p>Жапсыру кезінде бірізділікті, арақашықтықты сақтап, жұмысты ұқыпты орындау.</p> |
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>Көрсету бойынша киімдерін кияді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b></p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p> |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |

|                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|----------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Серуен</b></p> | <p><b>№1 Көктем белгілерін байқау</b><br/> <b>Бақылау:</b><br/> Балаларды серуен алаңына шығарып, айналадағы маусымдық өзгерістерге назар аударту. Күннің қыс мезгіліне қарағанда жылырақ екенін сезіндіру. Қардың азайғанын, кей жерлерде еріген су жиналғанын көрсету. Ағаштардың әлі жапырақсыз тұрғанын, бірақ табиғатта өзгеріс басталғанын түсіндіру. Сұрақтар қою: «Қыс мезгілі мен көктемнің айырмашылығы қандай?», «Неге қар еріп жатыр?», «Күннің пайдасы қандай?»<br/> Балалардың жауаптарын толық сөйлеммен айтуына бағыт беру.<br/> <b>Дербес әрекет:</b><br/> Балалар көктем көріністерін қимыл арқылы бейнелейді (күннің шығуы, желдің соғуы, қардың еруі).<br/> «Көктем келді» тақырыбында 2–3</p> | <p><b>№2 Қардың еруі</b><br/> <b>Бақылау:</b><br/> Қар қалдықтарын бақылау. Қарды қолға алып, жылудың әсерінен еріп жатқанын көрсету. Қардың судың бір түрі екенін түсіндіру. «Қар неге суға айналады?» деген сұраққа балалардың ойлануына мүмкіндік беру.<br/> <b>Дербес әрекет:</b><br/> Қарды шағын ыдысқа салып, біраз уақыттан кейін оның суға айналғанын бақылау. Қар көлемі мен су көлемін салыстыру.<br/> <b>Еңбек:</b><br/> Еріген судың жиналып қалмауы үшін шағын арықша жасауға көмектесу.<br/> <b>Қимылды ойын:</b> «Тамшылар»<br/> Балалар тамшы болып қозғалады. «Жаңбыр!» – ұсақ секіреді. «Күн шықты!» – шеңберге жиналады.</p> | <p><b>№3 Жел</b><br/> <b>Бақылау:</b><br/> Желдің бар екенін сезіну. Лента немесе жалауша арқылы жел бағытын анықтау. Ағаш бұтақтарының тербелісін бақылау. Желдің суық не жылы екенін анықтау.<br/> <b>Дербес әрекет:</b><br/> Желдің баяу және қатты соғуын қимылмен көрсету. Жел туралы қысқа сөйлемдер айту.<br/> <b>Еңбек:</b><br/> Жел ұшырған жапырақтарды немесе қағаздарды жинау.<br/> <b>Қимылды ойын:</b> «Жел мен ағаштар»<br/> «Жел баяу» – жай тербеледі. «Жел қатты» – тез қозғалады. «Дауыл» – отырып қалады.</p> | <p><b>№4 Бұлттар</b><br/> <b>Бақылау:</b><br/> Аспандағы бұлттарды бақылау. Олардың қозғалысын, пішінін сипаттау. Бұлттардың күнді жауып тұратынын түсіндіру.<br/> <b>Дербес әрекет:</b><br/> Балалар бұлтты қандай затқа ұқсататынын айтады. 2–3 сөйлем құрастырады.<br/> <b>Еңбек:</b><br/> Орындықтарды түзеу, алаңды ретке келтіру.<br/> <b>Қимылды ойын:</b> «Бұлт пен күн»<br/> «Күн» – еркін қозғалады. «Бұлт» – белгіленген орынға жиналады.</p> | <p><b>№5 Құстардың оралуы</b><br/> <b>Бақылау:</b><br/> Құстардың дауысын тыңдау. Қыстап қалған және жылы жақтан оралған құстар туралы әңгімелеу. Құстардың көктемде белсенді болатынын түсіндіру.<br/> <b>Дербес әрекет:</b><br/> Құс қимылын бейнелеу. «Құс не істейді?» сұрағына жауап беру.<br/> <b>Еңбек:</b><br/> Жемсалғышқа жем салу, тазалығын тексеру.<br/> <b>Қимылды ойын:</b> «Құстар мен мысық»</p> |
|----------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  |  |  |  |
|---------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|--|
|                                                   | <p>сөйлемнен тұратын шағын әңгіме құрастырады.</p> <p><b>Еңбек:</b><br/>Алаңдағы ұсақ қоқыстарды қолғап киіп жинау. Қоқысты арнайы жәшікке салу. Тазалық сақтау туралы әңгімелеу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Күн мен бұлт»<br/>Белгі бойынша тез әрекет ету дағдысын дамыту. «Күн!» дегенде жүгіреді, «Бұлт!» дегенде отырып, басын жабады.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  |  |  |
| <b>Серуеннен оралу</b>                            | <p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (<b>дербес қимыл әрекеті</b>).</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |  |  |  |
|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | жапсырады.<br><b>Ойын: «Өрнекті ретте»</b><br>Балалар ою элементтерін үлгіге қарап бірізділікпен орналастырып жапсырады.                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b></p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Серуен</b>            | <p><b>№12. Жердің оянуы</b><br/><b>Бақылау:</b><br/>Қар кеткен жерді бақылау. Топырақтың дымқыл екенін көрсету.<br/><b>Дербес әрекет:</b><br/>«Жер оянды» қимыл жаттығуы.<br/><b>Еңбек:</b><br/>Ұсақ тастарды жинау.<br/><b>Қимылды ойын – «Жер оянды»</b><br/>Балалар отырып «ұйықтайды». «Күн жылытты!» – баяу көтеріледі. «Жаңбыр жауды!» – саусақпен тықылдатады. «Жер оянды!» – толық тұрып, қолдарын созады</p>                                                                                                              | <p><b>№13. Табиғат өзгерісі</b><br/><b>Бақылау:</b><br/>Қыс пен көктемді салыстыру.<br/><b>Дербес әрекет:</b><br/>«Көктем» туралы әңгіме.<br/><b>Еңбек:</b><br/>Аула тазалау.<br/><b>Қимылды ойын – «Қояндар»</b><br/>Балалар қос аяқпен секіреді. Белгі бойынша «інге» (сызыққа) жиналады.</p> | <p><b>№14.</b><br/><b>Құстар ұясы</b><br/><b>Бақылау:</b><br/>Ұя туралы әңгімелеу. Құстардың көктемде ұя салатынын түсіндіру.<br/><b>Дербес әрекет:</b><br/>Ұя жасауды қимылмен көрсету.<br/><b>Еңбек:</b><br/>Жемсалғышты тексеру.<br/><b>Қимылды ойын – «Ұяға жет»</b><br/>Жерге шеңберлер сызылады. Балалар «құстар». Белгі бойынша өз «ұясына» жүгіреді</p> | <p><b>№15. Көктемгі еңбек</b><br/><b>Бақылау:</b><br/>Ересектердің аула тазалап жатқанын бақылау.<br/><b>Дербес әрекет:</b><br/>Құрал атауларын айту.<br/><b>Еңбек:</b><br/>Алаң тазалау.<br/><b>Қимылды ойын – «Бағбандар»</b><br/>Балалар қазу, суару қимылдарын көрсетеді. Белгі бойынша орын ауыстырады</p> | <p><b>№16</b><br/><b>Қорытынды серуен</b><br/><b>Бақылау:</b><br/>Көктем белгілерін қайталау.<br/><b>Дербес әрекет:</b><br/>Көктем туралы толық әңгіме құрастыру.<br/><b>Еңбек:</b><br/>Ойын алаңын толық ретке келтіру.<br/><b>Қимылды ойын – «Көктем эстафетасы»</b><br/>Балалар екі топқа бөлінеді. Белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, кері қайтады. Келесі балаға кезек береді.<br/><b>Мақсаты:</b></p> |

|                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                              |                                                                                                                                         |                                                                                                                                                       |
|---------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                              |                                                                                                                                         | ұйымшылдық, жылдамдық.                                                                                                                                |
| <b>Серуеннен оралу</b>                            | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ( <b>дербес қимыл әрекеті</b> ).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                              |                                                                                                                                         |                                                                                                                                                       |
| <b>Түскі ас</b>                                   | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>                                 |                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                              |                                                                                                                                         |                                                                                                                                                       |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                              | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> )<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. ( <b>Музыка</b> )                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                              |                                                                                                                                         |                                                                                                                                                       |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b> | <b>Біртіндеп ояту:</b> Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <b>Сауықтыру жаттығулары:</b> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). <b>Өзіне-өзі қызмет ету:</b> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                              |                                                                                                                                         |                                                                                                                                                       |
| <b>Бесін ас</b>                                   | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b> |                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                              |                                                                                                                                         |                                                                                                                                                       |
| <b>Балалардың дербес іс-әрекеті</b>               | <b>Математика негіздері</b><br>Балалар мерекелік заттардан құралған жиынды қарайды.<br>Ойын: «Жұбын тап»<br>Балалар заттарды жұптап қойып, тең                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | <b>Математика негіздері</b><br>Балалар дастарханға қойылған ыдыстарды қарайды, санайды.<br><b>Ойын: «Қанша кесе?»</b><br>Тәрбиеші үстелге кесе, табактарды қояды.<br>Балалар санап, қанша | <b>Математика негіздері</b><br>Балалар ұлттық киімдегі ою-өрнектерді қарайды.<br><b>Ойын: «Үлкен кіші»</b><br>Балалар оюларды өлшемі бойынша | <b>Математика негіздері</b><br>Балалар ойыншықтарды, құралдарды санайды.<br><b>Ойын: «Ретін тап»</b><br>Балалар ойын құралдарын ретімен | <b>Математика негіздері</b><br>Балалар кеңістікте бағдарлайды.<br><b>Ойын: «Қайда тұр?»</b><br>Балалар заттың орналасуын айтады: алдында, артында, оң |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>немесе тең еместігін анықтайды.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/>Балалар Наурыздың көктем мезгілімен байланысын түсінеді. Ойын: «Қай мезгіл?» Балалар көктемге тән белгілерді атайды.</p> <p><b>Құрастыру</b><br/>Балалар LEGO арқылы мерекелік алаң құрастырады. Ойын: «Наурыз алаңы» Балалар бірігіп киіз үйге арналған орын жасайды.</p> <p><b>Мүсіндеу</b><br/>Балалар күн немесе гүл мүсіндейді. Ойын: «Көктем белгісі» Балалар өз мүсінінің нені білдіретінін айтып береді.</p> | <p>екенін айтады, жұптап қойып тең немесе тең емес екенін анықтайды, «нешінші?» сұрағына жауап береді.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/>Балалар астың адамға күш беретінін, үлкендердің асты қадірлеу керектігін айтады.</p> <p><b>Ойын: «Пайдалы ас»</b><br/>Тәрбиеші тағам суреттерін көрсетеді. Балалар қайсысы пайдалы, қайсысы мерекелік ас екенін айтып түсіндіреді.</p> <p><b>Құрастыру</b><br/>Балалар құрылыс материалдарынан немесе LEGO-дан мерекелік үстел құрастырады.</p> <p><b>Ойын: «Дастархан жай»</b><br/>Балалар бірлесіп үстел, орындық, ыдыс қоятын орын жасап, қай зат қай жерде тұруы керектігін айтады.</p> <p><b>Мүсіндеу</b><br/>Балалар ұлттық ыдыс тостағанды мүсіндейді.</p> <p><b>Ойын: «Ұлттық</b></p> | <p>салыстырып, үлкенін, кішісін ажыратады, жұптайды.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/>Балалар ұлттық киімнің мерекеде, тойда киілетінін түсінеді.</p> <p><b>Ойын: «Қай кезде киеміз?»</b><br/>Тәрбиеші жағдайды айтады (мереке, күнделікті күн), балалар қай киім киілетінін айтып береді.</p> <p><b>Құрастыру</b><br/>Балалар қағаздан немесе LEGO арқылы киім үлгісін құрастырады.</p> <p><b>Ойын: «Сән үйі»</b><br/>Балалар бірігіп ұлттық киім көрсетілімін ұйымдастырып, қай киім кімге арналғанын айтады.</p> <p><b>Мүсіндеу</b><br/>Балалар ұлттық әшекей бұйымды мүсіндейді.</p> <p><b>Ойын: «Ұлттық әшекей»</b><br/>Балалар жасаған</p> | <p>орналастырып, «нешінші?» сұрағына жауап береді.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/>Балалар ұлттық ойындардың балаларды ептілікке, достыққа тәрбиелейтінін түсінеді.</p> <p><b>Ойын: «Досым қандай?»</b><br/>Балалар ойын кезінде бір-біріне қалай көмектесу керектігін айтып береді.</p> <p><b>Құрастыру</b><br/>Балалар LEGO немесе құрылыс материалдарынан ойын алаңын құрастырады.</p> <p><b>Ойын: «Ойын алаңы»</b><br/>Балалар бірігіп қай жерде қандай ойын болатынын орналастырады.</p> <p><b>Мүсіндеу</b><br/>Балалар доп, асық сияқты ойын заттарын мүсіндейді.</p> <p><b>Ойын: «Ойыншық жаса»</b><br/>Балалар мүсіндеген</p> | <p>жағында, сол жағында.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b><br/>Балалар салт-дәстүрді құрметтеу, үлкенді сыйлау туралы айтады.</p> <p><b>Ойын: «Дәстүрді сақтайық»</b><br/>Балалар Наурызда қандай әдеттер жасалатынын айтып шығады.</p> <p><b>Құрастыру</b><br/>Балалар ұжымдық Наурыз алаңын құрастырады.</p> <p><b>Ойын: «Береке алаңы»</b><br/>Балалар бірігіп киіз үй, ойын орны, дастархан орнын орналастырады.</p> <p><b>Мүсіндеу</b><br/>Балалар мерекеге қатысты заттарды мүсіндейді.</p> <p><b>Ойын: «Наурыз белгісі»</b><br/>Балалар өз мүсінінің нені білдіретінін айтып береді.</p> |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                 |                                                                                                                       |                                                                                                                       |                                                                                                              |
|------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | <b>ыдыс»</b><br>Балалар жасаған мүсіндерін көрсетіп, оның не үшін қолданылатынын айтып береді.                  | мүсінін көрсетіп, оның қандай әшекей екенін айтып береді.                                                             | затын көрсетіп, қандай ойынға арналғанын айтады.                                                                      |                                                                                                              |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b> | <b>Бағыты:</b> Математика<br><b>Жұмыс:</b> Заттарды салыстыру (артық-кем).<br><b>Нәтиже:</b> Салыстырып айтады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | <b>Бағыты:</b> Қимыл координациясы<br><b>Жұмыс:</b> Допты дәл лақтыру.<br><b>Нәтиже:</b> Қимыл үйлесімі дамиды. | <b>Бағыты:</b> Өңгімелеу<br><b>Жұмыс:</b> Берілген тақырыпқа қысқа әңгіме айту.<br><b>Нәтиже:</b> 4–5 сөйлем құрайды. | <b>Бағыты:</b> Графикалық дағды<br><b>Жұмыс:</b> Үлгі бойынша сызық жүргізу.<br><b>Нәтиже:</b> Қол бұлшықеті нығаяды. | <b>Бағыты:</b> Логика<br><b>Жұмыс:</b> Пішіндерді салыстыру.<br><b>Нәтиже:</b> Пішін айырмашылығын түсінеді. |
| <b>Кешкі ас</b>              | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b>                        |                                                                                                                 |                                                                                                                       |                                                                                                                       |                                                                                                              |
| <b>Серуенге дайындық</b>     | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b> Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b> |                                                                                                                 |                                                                                                                       |                                                                                                                       |                                                                                                              |
| <b>Серуен</b>                | <b>«Жел мен ағаш»</b><br><b>Шарты:</b> Бір топ жел, бір топ ағаш. Жел жүгіріп өтеді, ағаштар тербеледі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | <b>«Көктемгі су»</b><br><b>Шарты:</b> Балалар ирелеңдеп жүгіріп, «көлге» (шеңберге) жиналады.                   | <b>«Тепе-теңдік»</b><br><b>Шарты:</b> Сызық бойымен қолды екі жаққа созып жүру.                                       | <b>«Қарды жина»</b><br><b>Шарты:</b> Ақ доптарды тез жинап, себетке салу (эстафета).                                  | <b>«Жаңбыр жауды»</b><br><b>Шарты:</b> «Жаңбыр» дегенде балалар жүгіріп паналайтын жерге жиналады.           |
| <b>Серуеннен оралу</b>       | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау <b>(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                 |                                                                                                                       |                                                                                                                       |                                                                                                              |

|                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                               |
|-----------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Балалардың дербес әрекеті</b></p> | <p>«Сикырлы су»<br/> <b>Шарты:</b> Балалар суға түрлі заттарды салып, бата ма, қалқып жүре ме бақылап көреді.<br/> <b>эксперименталдық, танымдық, коммуникативтік әрекет</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                     | <p>«Көңілді қимылдар»<br/> <b>Шарты:</b> Музыка әуенімен жүгіру, секіру, түрлі қимылдарды қайталау.<br/> <b>қимылды ойын</b></p> | <p>«Құрылысшылар»<br/> <b>Шарты:</b> Балалар құрылыс бөлшектерінен үй, көпір құрастырады. Бір-бірімен ақылдасып жұмыс жасайды.<br/> <b>танымдық, шығармашылық, коммуникативтік, дербес әрекет</b></p> | <p>«Дәмді ас»<br/> <b>Шарты:</b> Балалар аспаз рөлінде ас дайындауды ойнайды (араластыру, ыдысқа салу).<br/> ойын,<br/> <b>шығармашылық, коммуникативтік, еңбек әрекеті</b></p> | <p>«Түстерді тап»<br/> <b>Шарты:</b> Тәрбиеші айтқан түсті тауып, сол түсті затты көрсетеді.<br/> <b>танымдық, коммуникативтік, ойын.</b></p> |
| <p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>    | <p>Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)<b>Өнегелі 15 минут</b></p> |                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                               |

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 1 апта

**Білім беру ұйымы:** «Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК

**Топ:** «Құлыншақ» ересек топ

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 30.03 -03.04.2026ж

**Тәрбиеші:** А.М.Райымбекова

**Сәуір** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

| Күн тәртібі                                                                                                              | Дүйсенбі<br>30.03.2026 ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Сейсенбі<br>31.03.2026 ж                                                                | Сәрсенбі<br>01.03.26ж                                                                                              | Бейсенбі<br>02.04.2026ж                                                                               | Жұма<br>03.04.2026 ж                                                             |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Балаларды қабылдау.</b>                                                                                               | <p>Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br/> Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br/> Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br/> Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br/> Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br/> Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br/> <b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b><br/> Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <b>Күй күмбірі</b></p>                                                             |                                                                                         |                                                                                                                    |                                                                                                       |                                                                                  |
| <b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>                                            | <p>Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br/> әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br/> балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br/> <b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b><br/> Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br/> Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br/> Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br/> Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.</p> |                                                                                         |                                                                                                                    |                                                                                                       |                                                                                  |
